ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# QAZAQ ÝNIVERSITETI

№35 (1705)
20 қараша
2018 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz



**ҚазҰУ-да Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұсынымдардың бірінші кезеңінің таныстырылымы өтті.**

# БІЛІМ САЛАСЫНДА ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ БОЛДЫРМАУ




Шараға Білім және ғылым вице министрі Асхат Аймағамбетов, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев, Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек және ЖОО ректорлары мен оқытушы профессорлар құрамы қатысты.

Алғашқылардың бірі болып сөз алған ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов «ҚазҰУ базасында үстіміздегі жылдың сәуір айында ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі және Алматы қаласы әкімдігімен бірлесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесі құрылған болатын. Қазіргі таңда бұл кеңсе жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасы мен мәдениетін қалыптастыру бағытында жұмысын жалғастырып жатыр. Кеңсе құрылғалы 7 ай ішінде білім беру мекемелеріндегі барлық деңгейлер бойынша жемқорлыққа қарсы жұмыстардың қызметін талдау, олардың сапа көрсеткішін өңдеу, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы шаралардың тиімділігін арттырудың тетігін табу бағытында бірқатар іс-шаралардың өткендігін атап өту қажет», – деді.

Сөз алған Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Саналы ұрпақ» жемқорлыққа қарсы жобалық кеңсесі ашылғаны баршаға аян. Бүгін біз осы орталықтың негізгі қызмет бағыттарының іске асу барысын және жемқорлықпен күресте жоғары оқу орындарының ұстаздарын кеңінен жұмылдыру мәселелерін талқылауға жиналып отырмыз. Жемқорлықты түбегейлі жою мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі. Елбасы Н.Назарбаев жемқорлық дертімен күресте азаматтық ұстаным мен қоғамдық белсенділіктің маңыздылығын ерекше атап өткен. Осы ретте «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесінің атқарар қызметі ұшан теңіз. Орталық ашылғалы бері білім беру мекемелерінде 200-ге жуық әртүрлі іс-шаралар өткізіліп, 10 мыңнан астам адам қамтылды. Білім саласында жемқорлық көріністерін жоюға бағытталған нақты ұсыныстар енгізілді. Жемқорлық қатерлері және оған қарсы технологиялар картасы да әзірленді», – деді әкім.

«Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесінің жетекшісі Қайыржан Тоқышев «Кеңсенің бүгінгі күнге дейін іске асырған жұмысының нәтижесі бойынша баяндама жасады.

*Жалғасы 2-бетте*

**В целях реализации программы «Рухани жаңғыру», в канун Международного Дня студентов в КазНУ прошел вечер стихов и песен «Жан жылуы», организованный в рамках проекта «Айналаңды нұрландыр!».**

# «Жан жылуы»

Следующий 2019 год в Казахстане объявлен Годом молодежи. В КазНУ проводится большая работа по патриотическому и духовно-нравственному воспитанию подрастающего поколения, реализуются значимые социально-инновационные проекты. Один из них – «Айналаңды нұрландыр!», он инициирован и осуществляется под руководством ректора КазНУ Галыма Мутанова.

На вечере во Дворце студентов выступили именитые музыканты и поэты, талантливые и прославленные исполнители, солисты, композиторы и творческая молодежь КазНУ. Концертный зал Дворца студентов им. У.Жолдасбекова был полон. Зрителями и гостями были деятели культуры, известные поэты и писатели, артисты, ученые и студенты. Среди почетных гостей присутствовал известный поэт, один из основателей группы «Дос-Мукасан», заслуженный деятель РК Улыкпан Есилханулы.

Программу вечера составили лирические песни Владимира Питерцева, написанные на стихи ректора КазНУ Галыма Мутанова, песенные произведения Рамазана Амантай, Бекжана Әшірбай, академика Досыма Сулеева и многих других.

*Продолжение на 8 стр.*

# «SCOPUS AWARD 2018»

**КазНУ им. аль-Фараби признан лидером Казахстана по количеству опубликованных статей в рейтинговых изданиях, входящих в международную базу данных «Scopus».**

В рамках прошедшей впервые в Казахстане церемонии вручения премии «Scopus Award 2018» были отмечены лучшие авторы публикаций и научно-исследовательские организации страны за выдающийся вклад в развитие науки. Это престижная мировая научная награда международной компании «Elsevier», направленна на поощрение ученых и университетов вести активную научно-исследовательскую деятельность.

КазНУ стал обладателем награды в номинации «High Performance Award». Следует отметить, что данное признание крупнейшей наукометрической базы данных в мире не случайно, каждая пятая публикация казахстанских авторов в высокорейтинговых научных изданиях – это вклад ученых КазНУ.

Кроме того, ученые университета были награждены в шести из девяти номинаций. Так, академик НАН РК Т. Рамазанов стал лауреатом премии «Исследователь года», профессор К. Джумагулова – «Женщина в науке», директор Института проблем горения З. Мансуров – «Лучший исследователь в области естественных наук», директор центра физико-химических методов исследования и анализа Б. Кенесов и постдокторант М. Алимжанова – «Лучший исследователь




в области аграрных наук», постдокторант А. Керимрай – «Best Scopus Journey», профессор С. Нуртазин – «Лучший исследователь в области медико-биологических наук».

Таким образом, в этом году КазНУ признан лидером Казахстана по количеству публикаций в рейтинговых научных журналах, входящих в ведущие международные базы данных «Scopus» и «Web of Science». Все эти достижения стали результатом осуществляемой в университете трансформации в исследовательский вуз мирового уровня и политики интернационализации науки.

**Соб. корр.**

ҚАЗҰУ-ДЫҢ ОЗЫҚ ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯСЫ
2-бет



ИЫҰ ДИПЛОМАТТАРЫ ҚАЗҰУ-ДА БАС ҚОСТЫ
3-бет



БАТЫР ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ
4-бет



# ҚазҰУ-дың озық цифрлы технологиясы

**Қазақстан Республикасы премьер-министрінің орынбасары Асқар Жұмағалиев «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да табысты жүзеге асып жатқан «Al-Farabi university smart city» ғылыми-инновациялық жобасының жұмыс барысымен танысып, ҚазҰУ аумағындағы соңғы технологиялармен жабдықталған орталықтарды аралады.**

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов премьер-министр орынбасары Асқар Жұмағалиевқа түрлі объектілер мен жағдайларды жедел басқару, бақылау және мониторинг жүргізудегі дербес және ұжымдық талдау жұмысы үшін арнайы ұйымдастырылған ҚазҰУ базасындағы Жағдаяттық басқару орталығының жұмысымен таныстырды. Кездесу барысында Microsoft компаниясы университеттің заманауи IT-технологияларды дамыту мен кеңінен енгізудегі жұмысын жоғары бағалағандығы ерекше аталып өтті. Сондай-ақ қазіргі күні Microsoft ҚазҰУ-дың стратегиялық серіктесі бола отырып, университетте "Microsoft Power BI" бұлтты бизнес-талдау қызметін енгізіп жатқандығы айтылды.

Сапар барысында премьер-министр орынбасары СБИ «Алгоритм» және Samsung орталықтарын көріп, Ақпараттық технологиялар факультетінде орналасқан Kaspersky, Cisco, Hewlett-Packard зертханаларын аралады, факультеттің ғылыми бағыттарымен танысып шықты. Ағымдағы жылда ашылған Ақпараттық технология факультетінің басты мақсаты қарқынды дамып келе жатқан ұлттық экономиканың IT-секторы үшін әлемдік деңгейдегі жоғары білікті мамандарды дайындау.



Сондай-ақ,Үрдістік инновация орталығындағы "Индустрия 4.0» технологиялық аймағы мен сандық баспа орталығының жұмыс барысымен таныстырылып, университеттің инновациялық жобаларының көрмесі ұсынылды.

Сонымен қатар Асқар Жұмағалиев ҚазҰУ аумағындағы «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы мен әл-Фараби кітапханасын аралады.

**Баспасөз қызметі**

РЕКТОРАТ

# Келелі кеңес

**Кезекті ректорат мәжілісінде студент білімі сараланатын әрі бағаланатын емтихан тақырыбы кеңінен сарапқа салынды.**

Бұл жөнінде 2018-2019 оқу жылы күзгі семестрінің аралық бақылау және семестраралық емтиханының қорытындылары туралы оқу жұмысы жөніндегі проректор Асқар Хикметов баяндама жасады. «Семестраралық емтиханда қолданылған мәтіндік тапсырмалар мен емтихандық билеттер, университет кафедраларындағы эксперттік комиссия бағалау процедурасыдан өтіп, факультеттің оқу әдістемелік кеңесінде бекітіліп, оқу процесін ұйымдастыру және бақылау департаментіне жіберіліп отырды. Барлық емтихандар ауызша, жазбаша және компьютерлік тестілеу түрінде бейне камерамен жабдықталған аудиториялар мен дәрісханаларда жүргізілді. Емтихан сессиясының барысын бақылап, мониторингін жүргізу мақсатында білім беру үдерісінің мониторинг бөлімі, академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институттың қызметкерлерінен, факультет декандары мен декан орынбасарлары және басқа да жауапты тұлғалардың ішінен арнайы жалпы университеттік және факультеттік жұмыс комиссиялары құрылған», - деді проректор. Сондай-ақ ол ағымдағы жылғы емтихан сессиясын өткізу бойынша әр факультет көрсеткішіне сараптама жасап, академиялық борышы бар студенттердің өткен жылғы пайыздық үлесі мен университет студенттерінің оқу жетістіктері динамикасына жекелей тоқталды.

Жиын аясында білім беру бағдарламаларын жаңарту бойынша әр кафедра меңгерушілері де баяндама жасап, бүгінгі білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойып отырған міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және зананауи педагогикалық технологияларды меңгеру қазіргі күннің талабы деді мәжіліске қатысушылар. Білім берудің халықаралық стандарттары, оқытудың заманауи методикасы, кәсіби ағылшын тілі, тәжірибе алмасу және тағылымдамадан өтуде жаңартылған бағдарламалар туралы баяндама жасаған басқа да кафедра меңгерушілері болашақта кафедралардың белсенділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын ұсынды.

Сондай-ақ жиында білім мен ғылым ұштасған ғаламда «Scopus» халықаралық дерекқорына кіретін жоғары рейтингілік журналдарда жарияланған мақалалар саны бойынша ҚазҰУ елімізде көшбасшылыққа ие болғаны да хабардар етілді. «Өткен аптада беделді «Elsevier» агенттігі мен «Scopus» халықаралық деректер базасы еліміздің ең үздік авторлары мен ғылыми-зерттеу ұйымдарын анықтаған болатын. Осы ғылыми биік жетістікте әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «High Performance Award» номинациясы бойынша марапатқа ие болды. Әлемдегі ең ірі ғылыми деректер базасында қазақстандық авторлардың әрқайсысының жоғары дәрежелі ғылыми журналдардағы бесінші басылымы ҚазҰУ ғалымдарының үлесімен тең», – деген ғылым және жарияланым белсенділігі басқармасының басшысы Смағұлов Қадіржан «Scopus Award 2018» сыйлығының әртүрлі номинациялары бойынша марапатқа ие болған университет ғалымдарының есімін таныстырды. Мәжіліс соңында ҚР Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры Александр Тараков Қазақстан халқы Ассамблеясы ғылыми-сарапшылық кеңесінің кеңейтілген отырысына белсенді қатысқан ҚазҰУ-дың бір топ ғалымдарына жазылған алғыс хаты оқылды.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

# БІЛІМ САЛАСЫНДА ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ БОЛДЫРМАУ



Оның айтуынша, кеңсе қызметкерлері жүйелі ғылыми жұмыстар жүргізу нәтижесінде білім саласының барлық деңгейлерінің негізгі мәселелері мен әлсіз тұстарын анықтады. Білім беру мекемелерінің және жемқорлыққа қарсы мәдениеттің ашықтығы, академиялық адалдық, ақпараттық қолдау және білім беру саласындағы жемқорлыққа қарсы заңнамалар сынды негізігі бес бағыт бойынша одан әрі жұмыстар жалғаса беретінін атап, болашақта оң нәтиже беретін жаңа әдістер мен механизмдерге баса назар аударылды. Бүгінде әрбір бағыт сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділікті қалыптастыру үшін қоғамдық сананы жаңғырту және жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту бағытында жұмыстар атқарып жатыр», – деді жетекші.

Жиын аясында Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев Мемлекет басшысы Н. Назарбаев қоғамды сыбайлас жемқорлыққа және оның кез келген көріністеріне қарсы жұмылдыру мен жергілікті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған мақсатты маңызды міндеттер қойды деп атап өтті. А. Шпекбаев барлық ЖОО басшыларын жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы шаралар бойынша тәжірибе алмасуға, қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары мәдениетті қалыптастыруға ықпал етуге шақырды.

Бүгінде еліміз үшін жемқорлықпен күрестің әлемдік тәжірибесін зерттеу және талдаудың маңызы зор деген жиынға қатысушылар шара барысында білім саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу оны болдырмау және жемқорлыққа қарсы сауаттандыру мәселелерін кеңінен талқыға салды.

Сондай-ақ ҚазҰУ-ға келген құрметті қонақтардың іс-сапары барысында «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында «Адалдық дүкені» деп аталатын дүкеннің салтанатты ашылу рәсімі болды. «Адалдық дүкенінде» өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесі енгізілген, яғни кассадағы қорапшаға ақшаны қалдыру арқылы тауарды сатып алушы өзі есептесетін болады.

**Өз тілшімізден**

KAZNU.KZ

**Ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ-da rektor Ǵalym Mutanovtyń Shyǵys Qazaqstan oblysynyń jalpy bilim beretin orta mektepteriniń joǵary synyp oqýshylarymen kezdesýi ótti. Atalmysh shara dıalog retinde órbip, oqýshylar ózderin qyzyqtyrǵan suraqtaryna jaýap aldy.**

Kezdesý aldynda oqýshylarǵa ýnıversıtet aýmaǵyndaǵy murajaı, kitaphana, «Keremet» SQKO men tehnopark kórsetildi. Sonymen qatar olar jylyjaıda ósirilip jatqan sırek kezdesetin ósimdikter men jańa tehnologıa boıynsha ósirip jatqan ónimder men kókónisterdi kórip, stýdentter men oqytýshylardyń zerhanalyq jumystaryn tamashalaı aldy.

Ekskýrsıa barysynda oqýshylar ýnıversıtettiń qyzmeti, maqsattary men mindetteri týraly kóp maǵlumat aldy jáne kóptegen jaǵymdy emosıalar men áserlerge bólendi. SHQO-nyń 50-ge jýyq oqýshylary ózderiniń demalys ýaqyttaryn Qazaqstannyń jetekshi oqý orny atanǵan QazUÝ-da keremet ótkizdi deýge bolady.

Kezdesý sońynda oqýshylar ýnıversıtet basshylyǵyna ózderiniń jyly lebizderin bildirdi. Sonymen qatar oqýshylarǵa ýnıversıtet tarapynan arnaıy syılyqtar men rektor Ǵalym Mutanovtyń «Jan jylýy» atty jeke óleńder jınaǵy tabystaldy.

***

**Jýyrda ál-Farabı atyndaǵy Qazaq ulttyq ýnıversıtetiniń tarıx, arxeologıa jáne etnologıa fakýltetine Avstrıa Respýblıkasy, Zalsbýrg ýnıversıtetinen sheteldik tyńdaýshy retinde 16 stýdent pen 2 oqytýshy is-saparmen arnaıy keldi.**

Is-sapar barysynda, fakýltet qurylymy men jumys jasaý júıesimen tanysyp, fakýltettiń jetekshi professorlary Q. T. Jumaǵulovtyń «Eýrazıa tarıhyndaǵy ǵundardyń róli», Á.T.Tóleýbaevtyń «Qazaqstan aýmaǵynda tabylǵan jańa arheologıalyq qazbalar», L.G. Erekeeshovanyń «Ortalyq Azıanyń qazirgi zaman tarıhy» atty birqatar dáristerdi tyńdady. Sonymen qatar «Kazgýgrad» kampýsymen tanystyrylyp, ýnıversıtet qarmaǵyndaǵy «Ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ murajaıy», «Ál-Farabı mýzeıi», «Qazaqstannyń paleolıt murajaıy», «Qazaqstannyń kóne jáne ortaǵasyrlyq arheo¬logıa murajaılaryna» ekskýrsıa uıymdastyryldy. Almaty qalasynyń ınfraqurylymymen de tanystyrylyp, Qazaqstan respýblıkasynyń Ortalyq Memlekettik Mýzeıi men «Esik» Memlekettik tarıhı-mádenı qoryq-murajaıymen tanysty.

Zalsbýrg ýnıversıtetiniń jetekshi professory, Dr. Angela Shottenhammer, bul is-sapardyń eki tarapqa da zor serpilis bergenin, aldyńǵy ýaqytta eki bilim berý ordalary arasyndaǵy stýdenttik almasý, oqytýshy professorlar quramynyń dáris oqýy, birlesken jobalar ázirleý baǵyttary jónin talqyǵa salyp, bolashaqta osy baǵyttar boıynsha fakýltetpen aradaǵy yntymaqtastyq ornatý qajettigine basa nazar aýdardy.

Eki el oqytýshylary men stýdentteri de pikir almasyp, jańa baılanys ornatý maqsattaryn oryndady.

***

**QazUÝ ustazdary men stýdentteri Japonıanyń Shımane jáne Koýchı ýnıversıtetterinen kelgen professorlarmen kezdesti.**

Kezdesý barysynda ýnıversıtet professory Ioshıxıro QazUÝ stýdentterine Shımane ýnıversıtetinde bilim alýdaǵy múmkinshilikterin atap, ýnıversıtetindegi san-alýan mazmunda ótetin stýdenttik ómirdiń qyr-syrymen tanystyrdy.

QazUÝ-ǵa ekinshi ret at basyn burǵan Koýchı ýnıversıtetiniń professory Inoýe Koýchı ýnıversıtetiniń bilim berý júıesi men oqytý úderisine jan-jaqty toqtaldy. Koýchı ýnıversıtetinen kelip bizde bilim alyp jatqan stýdent Inoýe de óziniń ýnıversıteti jaıly jáne onyń aıryqsha tustaryn atap aıtty. Kezdesý aıasynda Japonıa ýnıversıtetteri men QazUÝ arasyndaǵy yntymaqtastyq baǵyttary keńinen talqyǵa salynyp, Shyǵys kafedrasynyń meńgerýshisi Em Natalıa Koýchı ýnıversıtetiniń prfessory Inoýege eki ýnıversıtet arasyndaǵy yntymaqtastyq ornatýǵa qosqan úlesi úshin arnaıy alǵys xat tabystady.

**Qıyr Shyǵys kafedrasy**

**В КазНУ прошла презентация I раунда антикоррупционных рекомендаций в сфере образования и науки РК**

# ИЫҰ дипломаттары ҚазҰУ-да бас қосты

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ИЫҰ Бас хатшылығы, ҚР Сыртқы істер министрлігі және ҚазҰУ-дың ұйымдастыруымен «Трансұлттық қауіп-қатерлер, терроризм және қауіпсіздік мәселелері» тақырыбына арналған Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына (ИЫҰ) мүше мемлекеттер дипломаттарының бағдарлық бағдарламасы өтті.**



Ашылу рәсімінде ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов, Бейбітшілік, қауіпсіздік және жан-жалдарды реттеу мәселелері жөніндегі бөлімнің Директоры, Ислам Ынтымақтастық Ұйымының Бас Хатшысы Асқар Мусин, Бейбітшілік, қауіпсіздік және жанжалдарды реттеу мәселелері жөніндегі бөлімнің бас маманы, ИЫҰ-ның бас хатшысы Файсал Абро, Қазақстан Республикасындағы Пәкістан елшілісі Имтияз Ахмад Кази, Сыртқы істер министрлігі Жалпыазиялық ынтымақтастық департаментінің директоры Әлібек Бақаев пен 25 мемлекеттен келген аталмыш шараның қатысушылары болды.

«Терроризге қарсы күрес бұл бір ғана мемлекеттің емес, халықаралық деңгейдегі күресті қажет етеді. Осы орайда ерекше айтқым келетіні Елбасымыз 2015 жылы БҰҰ-ның бас ассамблеясында барлық мемлекеттерге бірыңғай антитеррорлық ұйым құруды ұсынған болатын. Ал бүгінгі шара ИЫҰ аясында өтіп жатыр, аталмыш ұйым 57-ге жуық мемлекетті біріктіріп отыр. Бағдарламаға БҰҰ мен Египет, Пәкістан, Нигерия және Түркия мемлекеттерінің өкілдері қатысып отыр. Олардың ішінде тіпті Азия, Африка тіпті Оңтүстік Американың Суринам елінен де келгендер бар», – деді Бейбітшілік, қауіпсіздік және жан-жалдарды реттеу мәселелері жөніндегі бөлімнің Директоры, Ислам Ынтымақтастық Ұйымының Бас Хатшысы Асқар Мусин.

Аталмыш бағдарламаға ИЫҰ-на мүше мемлекеттердің дипломаттары, Қазақстандағы шет елдік дипломатиялық корпустардың өкілдері және белгілі ғалымдар мен сарапшылар қатысуда. Шара терроризмге қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелерін талқылау мен қоғамды радикализациялау, бірлескен стратегиялар және шараларды әзірлеу, қауіпсіздікті қамтамасыз етумен қатар адам құқықтарын және заңның үстемдігін қамтамасыз ету салалары бойынша озық тәжірибемен алмасуға жол ашады. Бағдарламаның қорытынды бөлімінде қатысушылар өз ой-пікірлерін және ұсыныстарымен бөлісті.

**Баспасөз қызметі**

# СТУДЕНТТЕР ДИКТАНТ ЖАЗДЫ



**ҚазҰУ-да алғаш рет республикалық деңгейдегі жалпыхалықтық диктант өтті.**

Оған университеттің 16 факультетінен 8000-нан аса студент пен 500-ге жуық оқытушы қатысты. Шараның мақсаты – жаңа қазақ әліпбиін насихаттау, латыннегізді қазақ әліпбиін практикалық тұрғыда меңгеруге дағдыландыру.

Атап өту керек XX ғасырда қазақ әліпбиі төрт рет өзгерді. Жуырда латын графикасының қазақ тіліндегі жаңа нұсқасы қабылданып, ол біртіндеп кирилдік таңбадан латынға 2025 жылға дейін ауысатын болады.

ҚазҰУ-дағы жалпыхалықтық диктантқа қатысушылардың пікірінше латын графикасын енгізу бұл уақыт талабы. Себебі ол техника мен жоғары технологияның тілін білдіреді. Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының 1 курс студенті Байымбетов Нұрдаулеттің айтуынша «Латын графикасына көшу арқылы менің ана тілім қазақ тілінің ауқымы едәуір кеңейеді және бірінші кезекте интернет желілерінде оқылым қолжетімді болады. Сондай-ақ біздің елімізді әлемдік қауымдастықта интеграциялау үдерісі де жеделдетіледі. Бүгінгі латын графикасындағы диктантты мен үздік бағаға жазамын деп сенемін», – деді студент.

Ағылшын тілін дәріптеуге бағытталған жалпыхалықтық диктант алғаш рет Англияда өткізілген. Бүгінгі танда бұл тіл әлемде сұранысқа ие әрі әмбебап тілдердің біріне айналды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филолог ғалымдары қазақ тілінің болашағы зор, бүгінгі шараға қатысқандардың барлығы болашақта қазақ тілінің жаңа тарихы мен оның қалыптасуына қосқан үлесі үшін мақтан тұтатын болады. Латын тіліндегі жалпыреспубликалық диктант біздің мәдениетіміз, менталитетіміз бен еліміз үшін қажет үздік азаматтық жобалардың бірі ретінде қарастырылуы тиіс деп атап өтті.

**Баспасөз қызметі**

ПІКІР

# ШАГ К ИНТЕГРАЦИИ

«Перевод казахского языка на латиницу – это шаг к интеграции в глобальную систему науки и образования, обеспечению нашего духовного единства», – сказал Президент Нурсултан Назарбаев.

Около двух миллионов казахстанцев во всех регионах страны приняли участие в общереспубликанской акции по написанию диктанта на латинской графике. Диктант на тему «Рухани жаңғыру» был несложный и доступный для всех участников – от школьников до старшего поколения.

Данную акцию активно поддержал и КазНУ, студенты и преподаватели 16 факультетов университета единовременно со всеми соотечественниками приняли участие в первом республиканском диктанте. Уверен, что подобные мероприятия будут способствовать популяризации нового алфавита казахского языка на латинице и ускорят его применение на практике.

**Адилет ЕРГАЛИ,**
*заместитель декана по научно-инновационной деятельности и международному сотрудничеству юридического факультета*

# ҚИЫНДЫҚ ТУДЫРМАДЫ

14 қараша күні сағат 11-де Қазақстан бойынша жалпыхалықтық диктант жазылды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 ақпандағы Жарлығына және ҚР Премьер-министрінің 2018 жылғы 13 наурыздағы өкімімен бекітілген «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспарына» сәйкес әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультетінің оқытушы-профессорлары мен студенттері де қатысты.

«Рухани жаңғыру» тақырыбына арналған шараға ҚазҰУ-дың Шығыстану факультетінен ғана 300-ге жуық студент қатысты. Диктант жарты сағатқа созылды. Жазылған диктант жұмыстарын жинақтап, олардың қаншалықты емле-ережеге сай жазылғанын тексеру үшін арнайы комиссияға тапсырдық. Шараның мақсаты – жаңа қазақ әліпбиін насихаттау, латын негізді қазақ әліпбиін практикалық тұрғыда меңгеруге дағдыландыру. Осы диктант жазу арқылы халық әріптерді қалай қабыл-дады, мәтін жазған кезде көбіне қандай кателіктер кетеді, қандай мәселелерге мән берген дұрыс деген сұрақтарға жауап алынатыны анық. Шығыс тілдерін меңгерген оқытушы-профессорлар мен оқып жатқан студенттерге қиындық тудырмағанына сенімдіміз.

**Шынар КАНАФИНА,**
*Шығыстану факультеті деканының орынбасары*

# ОСВАИВАЕМ ЛАТИНИЦУ

По всей Республике Казахстан прошел общенациональный диктант на латинице. Мероприятие было направлено на популяризацию нового формата казахского алфавита.

В ней смогли принять участие все желающие. Так, в КазНУ диктант на латинице написали 8 тыс. студентов и 500 преподавателей. Считаю, что переход на латиницу – важное событие в истории государства, благодаря которому казахский язык станет более доступным для изучения иностранным студентам и всем желающим познакомиться с литературой, историей и культурой народа. Во многих зарубежных странах, например, Германии, активно изучают казахский язык, полагаю, что новый алфавит значительно облегчит его усвоение. Переход на латиницу будет осуществляться поэтапно до 2025 года.

**Ляззат КУСАИНОВА,**
*студентка 2 курса факультета журналистики*

***ҚазҰУ-да Халықаралық студенттер күні қарсаңында «Жан жылуы» атты ән-жыр кеші өтті***

**ҚазҰУ-да «Қазақ тарихындағы батырлардың рөлі» атты Қарасай батырдың туғанына 420 жыл толуына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.**

# Батыр есімі ел есінде



ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қойылған міндеттерді орындау мақсатында өткен шара ҚазҰУ-дың археология және этнология факультеті, Алматы облысы және Алматы қаласы әкімдіктері, Ақ Орда республикалық қозғалысы және Бәйдібек баба қорымен бірлесе ұйымдастырылды.

Конференцияны ашқан ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов «Қарасай батыр Алтынайұлы – өзі өмір сүрген қоғамда халқына қорған болған, ел намысын жауға таптатпаған, есімін небір қиын-қыстау заман болса да халқы ұмытпай, ұранға айналдырған тарихи тұлға. Ол өмір сүрген кезең мен қазіргі кезең арасында 400 жылдан аса уақыт өтсе де, оның есімі ұмытылмай, халқының жадында мәңгі сақталып отыр. Бүгінгі конференцияда жасалатын баяндамалар Қарасай батырдың тұлғасы арқылы жалпы қазақ тарихындағы батырлар институты мен батырлық қасиеттердің пайда болуы мен эволюциясының мәнін терең түсінуге жол ашады», – деді ректор.

«Батырлар институты – ұлттық тарихымыздың ұлық әрі оқылуы толық аяқталмаған парағы. Ол бабаларымыздың ерлік өмір салтын, әлеуметтік қатынастарын бейнелеген, жеңіске құштарлығын қастерлеген құндылықтар жүйесіндегі бірегей құбылыс. Заманы мен қоғамның бәсекелік қабілетін, әскери ой-санасын, халықтың педагогикасы мен менталитетін, қысқасы ұлттың болмыс-бітімін, мұратын, кодын сипаттайды. Ондағы жасампаздық идея мен болашаққа сенім наркы батырлар әрқашан бетпе-бет келетін сын-қатерден, ажалдан, өлімнен биік әрі мықты. Батырлар – елін қорғау жолындағы шайқаста ажалмен, бар болумен немесе жоқ болумен бетпе-бет келген сын сағатында білім, білек, жүрек, отансүйгіш күш-қуатын іркусіз жұмылдырумен жеңіске жеткен немесе жеңістің алғышартын қалаған тұлға», – дейді ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Хангелді Әбжанов.

Конференцияға жиналғандар батыр тұлғаның тарихи болмысы, қазақ тарихындағы алатын орны мен рөлін жан-жақты қарастырып, дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлар институтының орнын, Қазақ-жоңғар соғыстары кезеңіндегі қазақ батырларының ел қорғау жолындағы күрестерін талқыға салды. Сондай-ақ, қатысушылар отанды қорғау жолындағы қазақ батырларының өмірі мен ерліктерін ғылыми тұрғыда талдап, оның жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудегі орны және «Мәңгілік елге» жеткізудегі маңызы жөнінде пікір алмасты.

**Өз тілшімізден**

# ГРАНТ ВСЕМИРНОГО БАНКА

**PhD-докторант кафедры биоразнообразия и биоресурсов факультета биологии и биотехнологии КазНУ Туленды Нуркенов выиграл конкурс программы «Гранты на поддержку исследований и тренингов постдокторантов». Она реализуется Всемирным банком в рамках проекта «Стимулирование продуктивных инноваций».**

Цель программы – усиление научного потенциала Казахстана путем предоставления грантов на научные стажировки и исследования для кандидатов на получение степени PhD в ведущих зарубежных вузах, и в признанных научно-исследовательских центрах по приоритетным техническим направлениям, с возможностью внедрения научных разработок в производство.

Теперь докторант Т. Нуркенов сможет продолжить работу по диссертации в рамках подпроекта «Исследование нейропротекторных свойств экстракта кермека Гмелина, при ишемическом поражении головного мозга» в Колледже инженерии и Медицинском колледже Иллинойского университета в Чикаго – старейшего государственного исследовательского университета США, под руководством отечественного и зарубежного научных консультантов, профессоров Т.М. Шалахметовой и Джеймса Ли.

Достижение докторанта Т. Нуркенова в конкурсе демонстрирует яркий пример успешного научного сотрудничества КазНУ с отечественными и международными партнерами.

**Соб. корр.**

**Знаменитый турецкий актёр театра и кино встретился со студентами КазНУ.**

# БЕЗ ДУБЛЁРОВ



Играть без фальши, играть не претворяясь. Казалось бы, это невозможно, ведь профессия актёра суть жонглирование масками, чувствами, эмоциями... Но вся правда – в глазах. Волновать зрителя одним только взглядом – вот, в чём истинный талант актёра.

Те, кому посчастливилось оказаться в зрительном зале кинотеатра ЦОС «Керемет» КазНУ имени аль-Фараби на встрече со звездой турецкого кино и театра Сердаром Гёкханом, выходили оттуда под большим впечатлением и с улыбкой. Удивительная судьба этого человека тронула сердце каждого. Знаменитый актёр, фильмография которого насчитывает более 120 картин, мог бы и вовсе никогда не попасть на экраны. Получить актёрское образование казалось неосуществимой мечтой. Но, к счастью, вмешался случай.

– Я рос в очень бедной семье. У меня даже не было возможности окончить школу, - вспоминает актёр. Говоря об этом, он благодарно улыбается и продолжает: – Но я работал там, где снимают фильмы. Помогал, убирал. И однажды в одном фильме снимали сцену, где героиня тонет, а герой спасает ее. Но актёр, исполнявший главную роль, как оказалось, не умел плавать. И тогда продюсеры вдруг обратили внимание на меня. Один из них подозвал меня и велел надеть костюм главного героя и заменить его на площадке. Так всё и началось.

Сердар Гёкхан начал сниматься в кино, когда ему было 18 лет. Сейчас актёру 72, и он полон жизни, поглощён работой и будущими проектами. В Казахстан он приехал в качестве члена международного жюри МКФ Шакена Айманова.

– У меня так много работы, что до сих пор не удалось посмотреть Ваш прекрасный город, – говорит С.Гёкхан. – Я впервые в Казахстане. И теперь, после посещения вашего прекрасного университета, уникальной библиотеки, я уверен, что у меня впереди еще много визитов в вашу страну.

В беседе со студентами актёр поделился своими мыслями о жизни. Мудрый правитель на экране, неравнодушный человек в жизни, он часто принимает близко к сердцу несправедливость, с которой так или иначе приходится сталкиваться каждому из нас.

– Когда я вижу, что кого-то обижают, я не могу молчать. Сразу вмешиваюсь, – признается С.Гёкхан. Эта черта характера помогает ему легко играть исторические роли. Но самое главное, что нужно актёру – это, безусловно, глаза. Глаза, способные говорить со зрителем без слов, глаза без фальши, искренние, настоящие.

– Если Вы одними только глазами можете показать зрителю, кого Вы играете, то Вы очень хороший актер. Если зрители поймут вашего героя, можно сказать, что вы талантливы, – рассуждает С.Гёкхан. – И Вы должны быть скромны. Не надо переигрывать. Нужно быть естественным. Когда вы настоящий, зрителю это нравится.

На кинофестивале Сердар Гёкхан получил специальный приз за вклад в мировой кинематограф. Теперь в планах маэстро снять фильм об аль-Фараби – великом мыслителе, чьё имя носит Казахский национальный университет.

**Екатерина ТАРАКОВА,**
*преподаватель кафедры языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев ФДО*

**Призыв Президента страны проявить социальную ответственность и благотворительность находит живой отклик среди представителей бизнеса и различных организаций. Привлечение спонсоров для поддержки студентов и молодых ученых в КазНУ стало хорошей традицией. Только за последние три года выпускники, работодатели и партнеры вуза, казахстанские и зарубежные компании выделили финансовую помощь студентам на сумму более 350 млн. тенге.**

# Социальные инициативы

Вкладывая инвестиции в человеческий капитал, меценаты видят в КазНУ успешного партнера, который готовит конкурентоспособных специалистов, востребованных на рынке труда.

Так, например, в новом учебном году правительственные организации Японии выделили студентам КазНУ стипендии на сумму более 80 млн. тенге. Финансовая помощь была предоставлена для прохождения обучения и научных стажировок в лучших университетах страны Восходящего солнца.

Совсем недавно финансовую поддержку талантливым студентам и магистрантам в рамках программы «Стипендии лучшим студентам в странах Азии» оказал фонд известной южнокорейской компании «POSCO».

«Наше сотрудничество с КазНУ им. аль-Фараби расширяется и выходит на новый уровень. Мы поддерживаем молодых людей, которые стремятся овладеть знаниями и стать высококвалифицированными специалистами, быть полезными своей стране и народу», – сказал на церемонии вручения вице-президент фонда Нан Ян Санг.

Следует отметить, что в университете для студентов реализуется целый комплекс социальной поддержки. Так, студентам, обучающимся на платной основе и с отличной успеваемостью, а также из числа социально уязвимых предусмотрены льготы по оплате за учебу в размере от 10 до 25%. Ежегодно 10% от суммы финансирования научных исследований университета, а это порядка 400 млн. тенге, направляется на привлечение магистрантов и докторантов для выполнения научно-исследовательских работ. В КазНУ также предусмотрено бесплатное обучение для победителей олимпиады «Аль-Фараби» и обладателей знака «Алтын белгі», не получивших государственный образовательный грант.

**Соб. корр.**

***На факультета востоковедения прошел научный семинар «Базовая динамика внешней политики Турции» с участием профессора Хусейна Багжы из Центрально-Восточного технического университета Турции***

# ИСТОРИЯ ИЗ ПЕРВЫХ УСТ

**В Высшей школе экономики и бизнеса (ВШЭБ) прошла неделя, посвященная празднованию 25-летия введения национальной валюты. Главным мероприятием стал круглый стол «Рождение национальной валюты: история из первых уст».**



Инициатором проведения круглого стола с приглашением людей, стоявших у истоков создания и введения национальной валюты, явилась заслуженный деятель РК Б.Ж. Ермекбаева. Среди почетных гостей мероприятия были заслуженный деятель искусств, член рабочей группы создания и дизайна национальной валюты Д.М. Касым, финансист, банкир, экономист, первый председатель Национального Банка РК Г.М. Байназаров и др.

Выступая перед студентами и преподавателями Галым Байназаров подробно рассказал историю создания первой валюты независимого Казахстана.

«В то время продолжался распад экономики СССР, связанной общей банковской системой. Бывшие государства-участники пользовались рублем и только начинали переходить на национальные валюты. Разразился финансовый кризис. К началу 1992 года страна не имела самостоятельной банковской системы и в секретном режиме приступили к реализации «Проекта тенге». Это было одно из первых поручений Президента Нурсултана Назарбаева. Для Нацбанка это абсолютно новым делом, у нас не было производства банкнот, валютного рынка, валютных резервов, а значит, и подготовленных кадров, не хватало и финансовых средств. Глава государства установил срок завершения проекта к 1 апреля 1993 года», – вспоминает нка Галым Байназаров.

После распада СССР в стране не было собственного завода, поэтому ответственную миссию по выпуску первой валюты страны выполнила компания, находящаяся в Англии. Подготовительная работа была возложена на вице-президента РК Ерика Асанбаева. Была создана комиссия, в состав которой вошли первый председатель Национального Банка РК Галым Байназаров, руководитель Комитета по экономической реформе Саук Такежанов и председатель Верховного Совета Серикболсын Абдильдин. В спецгруппу дизайнеров вошли Мендыбай Алин, Досбол Касымов, Агимсалы Дузельханов, Тимур Сулейменов и Хайрулла Габжалилов.

В апреле 1992 года исполнителем задачи по выпуску банкнот выбрали британскую фирму «Харрисон и сыновья». Для подготовки дизайна обратились к Союзу дизайнеров Казахстана, который разработал банкноты с портретами выдающихся казахских деятелей науки и культуры, основателей казахской государственности. К концу марта 1993 года британская компания выполнила заказ. В апреле тенге начали перевозить в Казахстан. Секретный груз везли ночью, в сопровождении сотрудников Нацбанка с разрешением на ношение боевого оружия. Банкноты перевозились в небольших металлических контейнерах, как «правительственный спецгруз» под грифом «секретно» и не подлежали таможенному осмотру.

«Однажды во время дозаправки самолета в аэропорту Актау один из ретивых таможенников с оружием в руках потребовал растаможивания «правительственного груза» и задержал наш транспорт. В другом случае экипаж, неправильно рассчитав запас топлива, вынужден был приземлиться в аэропорту одного из приграничных городов РФ. Оба раза нам удалось благополучно разрешить сложившиеся ситуации. Прием и хранение груза без права вскрытия контейнеров осуществляли сотрудники резервного подземного хранилища НГБ РК в г.Тараз. Таким образом, производство национальной валюты и ее доставка в Казахстан были завершены к началу мая 1993 года», – рассказывает Г. Байназаров.

Историю процесса создания дизайна национальной валюты подробно рассказал заслуженный деятель искусств, член рабочей группы Д.М. Касым На круглом столе было озвучено много интереснейших фактов, а после выступления приглашенные гости ответили на волнующие студентов вопросы.

Подводя итоги встречи декан ВШЭБ Римма Сагиева поблагодарила гостей круглого стола и вручила им памятные сувениры.

**Кафедра «Финансы»**

# ҰЛТТЫҚ ТЕҢГЕ – ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ СИМВОЛЫ

**Ұлттық валютамыз, яғни теңгеміздің пайда болуы, оның бар болуы Қазақстан Республикасының тәуелсіз ел екендігінің тағы бір дәлелі болып табылады. Ұлттық теңгеміздің пайда болу тарихын білу ол әр қазақстандық азаматқа тән. Себебі, теңге біздің қазіргі өміріміздің басты айналым көзіне айналды. Кез келген егемен елдің рәмізі болатыны секілді өз валютасының болуы да заңды. Өйткені, ұлттық валютаны жариялап, оны айналымға түсіру тәуелсіздіктің басты қадамдарының бірі еді. Ал, теңгенің айналымға түсуі Егеменді Қазақстанның қаржылай да тәуелсіз екенін тағы бір жария етуі болатын.**



Қай елдің болмасын валютасы мемлекеттің тарихын тікелей баяндайды, заманауи саяси-экономикалық жағдайын және жаһандық дәрежесін сипаттайды. Бүгінде ақша бірліктері мемлекеттің дамуының маңызды рөлін атқарады. Оларсыз мемлекетаралық қатынастарды орнықтыру мүмкін емес, мемлекет ішіндегі қаржы операцияларының бірін де орындай алмайды. Ұлттық банкнотта мемлекеттің тарихи оқиғалары, елдің мәдениеті мен тарихына елеулі үлес қосқан саяси-тарихи тұлғалардың бейнесі әрі мемлекеттің басты мәдени жетістіктері бейнеленеді. Сонымен бірге, бүгінде ұлттық валюта барша мемлекеттер мен халықтар үшін өте ыңғайлы және экономикалық негізі бар қаржы құралы.

Қазақстанда, ақша реформасы нуллификация әдісімен жүргізілді, яғни құнсызданған кеңестік рубльдер айналымнан толық шығарылып, жаңа Қазақстандық ақша белгілері –теңгелер енгізілді. КСРО-ның ыдырауы, экономиканың құлдырауы, КСРО, ақша жүйесінің құлауы, Қазақстанның рубль шеңберінен шығарылуы, ұлттық ақша жүйесінің болмауы – Қазақстанда ақша реформасын жасау қажеттілігінің басты себептері болды.

1993 жылдың қарашасында теңгенің айналысқа шығарылуы біздің жас тәуелсіз республикамыздың жылнамасындағы ең маңызды оқиғалардың бірі болып табылады. Ол еліміздің тәуелсіздігін нығайту жолындағы түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізу үшін қажетті тарихи қадам болды. Дәл осы жылы қарашаның 22-сінде зейнетақы мен еңбекақы теңгемен беріле бастады. Елімізде валюта айырбастау пункттері ашылып жатты. Кейін Алматы қаласында Ұлттық банктің Банкнот фабрикасы, Өскеменде Монета сарайы ашылды. Уақыт талабына сай теңгенің дизайны өзгерді. Бүгінде купюраларымыздың қорғаныштық қасиеті дамыған елдер валютасымен бәсекелесе алады.

2006 жылы Мемлекет басшысының бастамасы бойынша Қазақстан Ұлттық банкі жаңа үлгідегі банкноттарды еңгізу жөнінде шешім қабылдады. Қазақстан Ұлттық банкі жаңа банкноттарға әлемдік тәжірибе негізінде еуро мен Ресейдің рубльдері сияқты банкноттарды портретсіз дизайын пайдаланды. Банкноттардың жаңа сериясында ақшаның номиналы бұрынғысынша қалды. Жаңа теңге экономиқалық жағынан дамыған елдердің валюталарынан кем емес, тіпті асып түседі. 2007 жылғы мамыр айында Тайландта өткізген конференцияда қазақстандық 10 мың теңгелікке «Үздік жаңа банкнот» атауымен бірінші орын берілді.

Қазағымыздың ұлттық валютасы – теңгенің айналыста 25 жыл болуы Қазақстанның бүгінгісі мен келешегі үшін теңгені енгізудегі тарихи маңыздылығына объективті баға беруге мүмкіндік береді. Өзіміздің ақша бірлігімізді енгізу Қазақстанның экономикалық тәуелсіздігін іске асыру мақсатында негіз болды. Ұлттық валютаны енгізумен нарық экономикасын құруға бағытталған құрылымдық қайта құрулар жылдамдатылды. Қазақстан өзінің Ұлттық валютасы — теңгені күрделі жағдайда әзірлеп, қабылдағанын естен шығармау қажет.

Осы мақсатта әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Экономика және Бизнес Жоғары Мектебінің «Қаржы» кафедрасының ұйымдастыруымен теңгенің 25 жылдығына орай «Ақша, несие, банктер» пәнінің аясында ЖОО-ның 1-курс студенттері арасында ұлттық деңгейде «Теңге: кеше, бүгін, ертең» атты интеллектуалды ойын өткізілді.

Интеллектуалды ойынға қатысу үшін әр топта 3 студенттен 6 топ қатысты. Жарыс барысында әр топ өздеріне берілген тапсырмаларға тыңғылықты дайындалып келгендіктерін көрсетті.

Интеллектуалды ойынды ұйымдастырудағы басты мақсат – Ұлттық валютамыздың өткені мен бүгінін саралай отырып, болашағына көз жүгірту арқылы студенттерді тәуелсіз еліміздің экономикасына үлес қосатын патриот азамат, қаржыгер деген атаққа лайықты маман дайындау. Осындай шаралар алда да өз жалғасын таба бермек!

**А. АСИЛОВА,**
*«Қаржы» кафедрасының доценті,*
*экономика ғылымдарының кандидаты*

# ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕР БАСТАУЫ

**Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Қаржы» кафедрасы Ұлттық валютаның 25 жылдығына арнаған ғылым апталығын қарышты атап өтті.**

Осыған орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Экономика және бизнес жоғары мектебі «Қаржы» кафедрасының 2 курс студенттері «NARXOZ» университеті Бизнес мектебі «Қаржы» кафедрасының ұйымдастырған Ұлттық валюта күніне арналған «Ұлттық валютаның 25 жылдығы және Қазақстанның қаржылық болашағы» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысып, ғылыми ізденістерінің нәтижелерімен бөлісті.

«Корпоративтік қаржының философиясы және мәдениеті» атты секцияда 15 ғылыми мақалаларымен М. Рысқұлбеков атындағы Қырғыз экономикалық университетінің, І. Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік университетінің, Сүлеймен Демирел атындағы университеттің, «Тұран» университетінің, «NARXOZ» университетінің студенттері бақ сынады. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2 курс студенттері ғылыми мақалаларын жоғары деңгейде қорғап, «Қаржы» мамандығының 2 курс студенті Мұхаділ Үміт 2 орынды жеңіп алса, шешендік өнері бойынша номинациямен «Қаржы» мамандығының 2 курс студенті Балтабек Даулет марапатталып, қуанышпен оралды. Конференцияда әр түрлі ғылыми мақалалардан студенттер өзара пікір алмасып, білім деңгейлерін көтеріп қайтты. Болашақта ғылыми ұмтылыстарына табыс тілейміз.

Біз қалыпты өмір салтын өзгертетін қаржы жүйесі құрылғысының ауқымды өзгерісінің куәгерлері болып отырмыз. 25 жылда теңге ғана емес, еліміздің бүкіл қаржы жүйесі де бірнеше даму сатысынан өтті. Елдің қаржы нарығы барынша айқын болды, жаңа технологиялық және цифрлық шешімдер кеңінен енгізілуде, жаңа бағдарлар мен мақсаттар алға қойылуда, олардың көмегімен Қазақстанның қаржы жүйесі және банк саласы әрі қарай табысты дамуын жалғастырады деп үлкен сенім артамыз.

**Г. СУПУГАЛИЕВА,**
*«Қаржы» кафедрасының*
*аға оқытушысы*

*ҚазҰУ профессоры С.Т. Нуртазин «Top Researcher in Agricultural Sciences» марапатына ие болды*

# ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ әлеуетін арттырған

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының ашылғанына биыл 30 жыл толғалы тұр. Осы жылдар ішінде әлеуметтану ғылымының Қазақстанда дамуына зор үлес қосып, бұл ғылымның институционализациясында өзіндік орын алған тұлғаларды кафедра ұжымы зор мақтан тұтады. Қоғам денсаулығын көтеру, оның ауруларының асқынуына жол бермей әлеуметтік қауіпсіздікті орнату әлеуметтанулық білімнің кеңінен таралуы кәсіби мамандарды қалыптастырумен тығыз байланысты.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде әлеуметтану кафедрасы 1988 жылы ашылды. Осы кафедраның негізін қалаған Қазақстандағы әлеуметтану ғылымының атасы профессор Биекенов Кеңес Үмбетжанұлының мақтан тұтатын шәкірттерінің бірі Садырова Мансия Сапарғалиқызы да 60 жасқа толды.

Мансия Сапарғалиқызы Садырова әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінің түлегі. Еңбек жолында көптеген жетістіктерге жеткен ғалым әлеуметтанушылар Академиясының академигі, жоғары оқу орнының үздік оқытушысы грантының иегері. 2004-2008 жылдар аралығында кафедраның меңгерушісі қызметін атқарып, кафедраның беделді ғылыми ортаға айналуына ерекше үлес қосты. 2004 жыл Қазақстанда мәдениет жылы ретінде басталды. Осы жылы Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы қолға алынып, шетелдік танымал ғалымдардың еңбектері қазақ тіліне аударылды. Мансия Сапарғалиқызы Петр Штомпканың «Әлеуметтік өзгерістер әлеуметтануы» кітабын қазақ тіліне аударды.



Бұл кітаптың әлеуметтанушы мамандар үшін маңызы өте жоғары. Ғалым 1999 жылы «Интеллигенцияның нарықтық өзгерістер жағдайындағы әлеуметтік-кәсіби мобильділігі» тақырыбындағы докторлық диссертациясын қорғап, осы ғылыми қызығушылығын «Қазақстанның әлеуметтік дамуындағы интеллигенцияның рөлі (1999), «Қоғамның әлеуметтік құрылымы» (2007) сияқты монографиялық еңбектерінде ғылыми ортаға ұсынды. Қазақстан әлеуметтануында әлеуметтік кәсіпкерлік, гендерлік, экономикалық, білім әлеуметтануы бағыттарының зерттеушісі ретінде танымалдыққа ие болды. Әлеуметтану ғылымының Қазақстанда дамуының негізгі бағыттарына, проблемалары мен жетістіктеріне арналған «Қазақстан әлеуметтануының институционализациясы» (2005) ғылыми шығармасы да тарихи мәні бар еңбек. Қоғамның түрлі салаларында еңбек етіп жүрген көптеген ғылым докторлары, кандидаттары мен жаңа сипаттағы доктор PhD мамандарын дайындаған профессор М. Садырова университетіміздің әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының ұжымын өзі дайындаған жаңа мамандар қатарымен толықтырып отырды.

Миграциялық мәселелер, жақын және алыс елдерден келген топтар қатарының күшеюі, қазіргі уақытта оралмандардың қоғамға әсері және осымен байланысты жаңа әлеуметтік тенденциялардың қалыптасуы ғалым еңбектерінің ғылыми өзегі болып табылады. Мансия Сапарғалиқызының зерттеу бағыттарының тағы бір аспектісі қоғамдағы кедейшілік, кедей топтардың психологиясы, мәдениеті және халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру арқылы абсолютті кедейлер санын азайту. Кедейшілік бұл – материалдық қамтылмағандықтан өзге өмірге көзқарастың, қарым-қатынастың, ойлаудың түрі екендігі туралы тұжырымдарын ұсынады.

Қазақстанның жоғары оқу орындарының бітіруші түлектері мен жас мамандарының кәсіби потенциалы, жұмысқа орналасу модельдері 2015-2017 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің гранты негізінде ғалымның ерекше зерттеген салаларының қатарына жатады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтану ғылымының мәселелерін талқылауға белсенді қатысып, жастарды да осы мамандықтың беделін көтеруге, қоғамның әлеуметтік қауіпсіздік деңгейін төмендетуге тікелей атсалысуға шақырады.

Қазақстанда әлеуметтану ғылымының дамуы, оның жарқын болашағы осы Мансия Сапарғалиқызы секілді ғалымдардың қажырлы еңбегінің көмегімен жүзеге асып отыр. Олай болса қадірлі ұстазға шығармашылық табыс тілеп, жаңа белестерді бағындыруына тілекші болайық.

**Гүлнапис ӘБДІКЕРОВА,**
*әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессоры*

ҮЛГІ

# ЖЕТІСТІК ЖОЛЫНДА

**Білім беру саласындағы стартегиялық бағыттар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім мен ғылым саласына қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Еліміздің дамуының мемлекеттік бағдарламасындағы маңызды сұрақтардың бірі президент атап көрсеткендей ол білім, ЖОО инновациялық моделін қалыптастыру, нарық сұраныстарына бағдарлану. Елбасы қойған міндеттерді шешу механизмдерінің бірі Қазақстанды әлемдік білімдер кеңістігіне интеграциялануы, міне осы бағытта жалпы және қолданбалы психология кафедрасының үлесі мол болып отыр, біз өзіміздің ғылыми күш-жігерімізді нақтылы серпінді ғылыми инновацияларға шоғырландыратын боламыз.**

Психология ғылымының қазіргі әлемдік жетістіктері мен кәсіби бағыттағы зерттеулері өзіміздің ғылыми іс-сапар негізінде қатысқан конгресстер мен конференциялар арқылы талқыланады. Нөлдік емес импакт-факторларға ие журналдарда жарияланған конгресстер мен конференцияда қаралған зерттеу жұмыстарының қайсысын алып қарасақ та барлығы да адам өміріндегі әлеуметтік сфералардың мәселесін және уақыт сұраныстарын толық қамтыған зерттеулер екенін көруге болады.

Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамыту жүйесін модернизациялау бағытында жүргізіліп жатқан іс-шаралар мен олардың нәтижелері елімізде білім беру реформасының жаңа фазаға өтуге бет алғанын куәландырып отыр. Осыған орай кафедраның ғалымдары әлемдік психологиялық конгресстерге белсенді қатысып келеді.

Ағымдағы жылдың желтоқсан айында жалпы және қолданбалы психология кафедрасының ашылуына 30 жыл толады. Осы мерейтой қарсаңында кафедраның ғылым көкжиегіндегі жетістіктерін мақтанышпен айта аламыз.

Шет елдік конгресс пен конференцияларға қатыса отырып көптеген әлемдік психологиялық зерттеулермен танысып, тәжірибелер алмасып, өз елімізді таныстырып көптеген жаңа зерттеу идеяларымен жаңа ғылыми ынтымақтастық негізінде Қазақтанда психология ғылымын дамытуға өз үлесімізді қосып келеміз.



Соңғы қатысқан әлемдік 31-психологиялық конгресс туралы айта отырып, кафедра ғалымдарының үлесін көруге болады.

Әлем психологиясы Жапонияда, Йокогамада 2016 жылы 24-29 шілде аралығында психологиялық ғылымдардың халықаралық одағының қолдауымен 31-әлемдік психологиялық конгресске жиналды (ICP 2016). Йокогама қаласына төрткүл дүниенің барлық елдерінің ғалымдары, саясаткерлері, мемлекеттік қызметкерлер қатысқан бұл конгресстің маңыздылығы өте жоғары. Конгресстің тақырыбы: «Гармониядағы әртүрлілік: психологиядан көзқарас». Гармония сөзі грек тілінен шыққан «бірлескен, келісім, келісу» мағыналарын береді.

Конгресс бойынша ғылыми еңбектер «International Journal of Psychology» әлемдік журналдың 51 бөлімінде 70 - психология саласы бойынша барлық ғылыми мақалалар жарық көрді. Бұл әлемдік журналдың мәнділігі жоғары, импакт-факторы да өте жоғары.

Конгресс жұмысына Африкадан 193, Азиядан 2052, Жапониядан 3076, Европадан 1345, Латин Америкасынан 165, Ортаңғы шығыстан 160, Солтүстік Америкадан 706, Тынық Мұхиты елдері 200, жалпы алғанда барлығы – 7897 ғылыми зерттеу ұсынылды. Осы көрсеткішті, тек ТМД елдері бойынша қарастырсақ, Армениядан-1, Әзербайжан-1, Белоруссиядан-1, Қазақстаннан-89, Латвия-2, Ресей-149, Украина-8, Өзбекстан-4 ғылыми зерттеу. Ресейден кейін тұрған қазақстандық зерттеулердің осы әлемдік конгрессте 89 мақаласы, оның 8-ауызша баяндамалар, 76-постер баяндамалар, онлайн баяндамалар 5-еу болды. Демек, бұл дерек біздің мемлекетіміздегі ғылыми зерттеулердің жоғарғы деңгейі мен күшін көрсетеді. Осы 89 мақаланың көпшілгі (41 мақала) біздің кафедраның үлесіне жатады.

Психология қазіргі қоғам алдында тұрған гармониялық мәселелерді шешуге себепші болып ары қарай дами береді деген сенімде конгресс өз жұмысын атқарды. Конгресс өткен Япония елі әрі гармонияны, әрі әртүрлілікті көрсете отырып шығыс және батыс мәдениетін жеңу ғана емес, өзінің қайталанбас тарихымен, дәстүрлер мен жаңа заманды интегрециялайды.

Симпозиумда көптеген мемлекеттердің ғалымдары өз зерттеулерін таныстырды, солардың ішінде келесі зерттеулерді атап өтейін, құқық және психология, когнитивті неврологияның жаңа көкжиектері, психология және медиатехнологиялар, әлеуметтік таным және миндальды дене мен аутизм, ойындар теориясы және стратегиялық ойлау, когнитивті үздіксіздік: толық арнайы ақыл-ой қабілеттерінің патшалығы, әртүрлі мәдениеттегі әлеуметтік нормалар күші, әлеуметтіліктің эмоциялық негіздері, тәуелсіздік пен қолдаудың арасындағы баланска жету, телеоператор роботтарға адаптация, адам мен приматтардың мәдени табиғаты жайлы: біздің мәдени таным мен имитациялардың сәйкестігін, эволюциясын түсіну сияқты құнды сұрақтар болды.

Қазақстанда психологияны дамыту үшін әлемдік тәжірибелерді алу мақсатымен Жапония психологтарының ассоциациясы ( JPA) президенті-Toshikazu Hasegawa мырзамен, ассоциацияның жұмысымен танысып және сол ассоцицияға мүше болуға келісім шартқа отырдық.

Жапония елінің психологиялық жүйесімен танысу негізгі міндеттердің бірі болды. Ассоциация қоғамдағы kokoro (ақыл және жүрек) мәселелерін шешу бағытында көптеген ғылыми психологиялық зерттеулерді жүзеге асырады, атап айтқанда психологиялық денсаулық, саясат, суицид, бала-ата-ана қатынастары, отбасылық қатынастар, психологиялық қауіпсіздік және үміт, мәдениаралық түсінісу және басқа да құнды мәселелер жайлы зерттейді. «Адам болу нені береді» деген идеяға бағыттайды, бала-бақшалармен, мектеппен, жастармен тығыз байланыс құрған осы ассоциация қабырғасында көптеген студенттер өздерінің дипломдық жұмыстарын аяқтайды оларға қаржылық көмек көрсетіледі.

Әлемдік деңгейдегі шет елдік конгресс, конференциялар әртүрлі саладағы психологтарды біріктіріп, методологиялық деңгейде психологияның соңғы зерттеу жетістіктерімен бірге бөлісу ғана емес, әрі әлемде болып жатқан оқиғалар мен жағдайларды да құнды бағалап сол бағытта зерттеулер жүргізуге стимул береді.

Шет елдік конгресс пен конференцияларға қатыса отырып көптеген әлемдік психологиялық зерттеулермен танысып, тәжірибелер алмасып, өз елімізді таныстырып көптеген жаңа зерттеу идеяларымен жаңа ғылыми ынтымақтастық негізінде Қазақстанда психология ғылымын дамытуға өз үлесімізді қосамыз.

**С. БЕРДІБАЕВА,**
*жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры, психология ғылымдарының докторы*

**Пәкістан Ислам Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Имтиаз Ахмад Кази ҚазҰУ студенттерімен кездесті**

# Бәйгеге түскен өрендер

**Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасы аясында жастардың отанға деген сүйіспеншілігін, патриотизмін және құрметін арттыру мақсатында «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы университетіміздің базасында «Менің кіші Отаным» жас тарихшылар I республикалық интеллектуалдық конкурсы өтті.**



Туған елдің тарихына аса қызығушылық танытатын талантты оқушыларды анықтап, олардың шығармашылық қабілетін, қоғамдық белсенділігін дамыту, өскелең ұрпақтың бойында қазақстандық патриотизм мен азаматтық сезімді қалыптастыру, мектеп оқушыларының тарих және өлкетану бойынша білімін дамыту, жастардың өзін-өзі тануына және олардың Отанына деген мақтанышын арттыру конкурстың мәні мен маңыздылығы, бағыт-бағдары болды десек қателеспейміз.

Конкурстың бірінші турында Қазақстан тарихы сұрақтары бойынша онлайн режимінде тест тапсырса, екінші турда 4 номинация бойынша бақ сынады.

Конкурсқа республикамыздың Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстары мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан және Абай атындағы мамандандырылған мектеп интернатынан, Назарбаев зияткерлік мектептерінен, Республикалық физика-математикалық мектептерден, «Бөбек» ұлттық ғылыми-тәжірибелік білім беру және сауықтыру орталығынан жалпы 90 оқушы және олардың 23 жетекші мұғалімдері қатысты.

Конкурс қатысушыларына мазмұнды мәдени-танымдық бағдарлама дайындалды. Мәселен, университет кампусы бойынша әл-Фараби кітапханасы, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, Ректорат ғимараты және Қазақстан палеолит мұражайына, Қазақстанның көне және ортағасырлық археология мұражайына саяхат жасады. Алматы қаласын аралап, Мемлекеттік орталық мұражаймен танысты. Қатысушылар мен жетекшілер 28 гвардияшыл-панфиловшылар саябағына тоқтап, гүл шоқтарын қойды, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті саябағын тамашалады.

Жүлдегерлер мен жеңімпаздар Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің дипломдарымен 31 оқушы марапатталды. Оның ішінде I дәрежелі дипломға – 5, II дәрежелі дипломға – 11, III дәрежелі дипломға – 15 оқушы ие болды. Сонымен қатар «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының грамоталарымен ерекше жетістігі үшін 15 оқушы марапатталды және барлық қатысушыларға сертификаттар, футболкалар табыс етілді. Жетекшілер үшін арнайы «Тарихи пәндерді оқытудың жаңа технологиялары» атты семинар-тренинг ұйымдастырылып, қорытындысы бойынша сертификаттар берілді.

Конкурсқа қатысушылардың жұмысын білікті қазылар алқасы бағалады.

Осындай конкурстарды өткізу – жас жеткіншектердің Отанға деген сезімін тәрбиелеудің бірегей құралы болып табылатындығына күмән жоқ, себебі бұған осы өткізілген іс-шараға қатысушы оқушылардың алған әсерлері куә. Жарыс болған соң жеңіс те, жеңіліс те болады. Жеңгендердің мәртебесі өсіп, мақтанышпен «Кіші отандарына» қайтса, жеңілгендер тауы шағылмай, ұңжырғасы түспегені біз үшін өте маңызды, өйткені бүгінгі оқушы – ертеңгі біздің студентіміз, ал бәсекеге төтеп беретін білімді де алғыр, табанды да сабырлы жастарды тәрбиелеу – мемлекет ұстанымы, заман талабы, қоғам қажеттілігі, ұстаз мақсат-мүддесі және де ата-ананың арман-тілегі болып табылады.

Үш күнге созылған байқауды ұйымдастыру Тарих, археология және этнология факультетінің ұжымына ұйғарылған тапсырма болғандықтан факультеттің белсенді студенттері де атсалысты. Университет Сарыарқа, Тұран, Алтай ұйымдарының белсенді студенттері де жауапкершілік танытты.

**Н. ДЕНГЕЛЬБАЕВА,**
*дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының аға оқытушысы*

# Казахстан – страна равных возможностей

**В КазНУ прошел «тренинг для тренеров». Представители 15 факультетов и кафедр журналистики со всего Казахстана собрались для изучения новой темы – усиление учебной программы по гендерной журналистике. Проект был предложен кафедрой ЮНЕСКО, международной журналистки и медиа в обществе и поддержан Международной программой развития коммуникаций ЮНЕСКО.**



Извечный спор между мужчиной и женщиной, борьба за равенство прав, свободу самовыражения и самореализации, статус одного и другого пола, представленность во власти, на производстве, в СМИ. Тема – острая, активно обсуждаемая религиозными деятелями, политиками и журналистами.

За два дня участники тренинга изучили гендерно-чувствительные индикаторы коммуникации, получили навыки стратегического гендерного анализа в журналистском производстве, научились корректно выставлять гендерный баланс в СМИ, бороться со стереотипами и предвзятостью, узнавать язык вражды в журналистских текстах. В процессе совместной работы и деловых игр участники тренинга сумели выработать общий алгоритм действий по внедрению гендерной темы в образовательные программы, определить методику преподавания данной дисциплины студентам факультетов журналистики.

Журналистика – особая профессия. Ее инструментарий, контент, медиа – платформа постоянно меняются. Модифицируется и учебная программа, развиваясь вместе с самой профессией. В 2008, 2012 и 2017 годах свою модель и программы, содержащие лучшие мировые образцы, ориентированные на стандарты международного медиа-рынка, предложила ЮНЕСКО. Процесс ее апробирования прошел в нескольких вузах республики. Перманентный мониторинг актуальности образовательных программ совместно с отечественными работодателями ведет и факультет журналистики КазНУ им. аль-Фараби.

Открывая мероприятие, декан факультета журналистики Сагатбек Медеубек напомнил, что «согласно индексу гендерного равенства Всемирного Экономического Форума, в 2017 году Казахстан занял 51-е место в рейтинге из 144 стран мира по уровню равноправия полов. Это хороший результат, необходимо работать дальше».

Как отметил специалист отдела коммуникации и информации Кластерного Бюро ЮНЕСКО в г.Алматы С.А. Карпов: «Дата проведения тренинга не случайно совпала с международным Днем прекращения безнаказанности за преступления против журналистов, учрежденным ООН в 2013 году. Его цель – привлечение внимания мировой общественности к тревожной ситуации, ограничивающей возможности журналистов выполнять свою работу и подрывающей право общества на получение достоверной информации. Журналистика – мирная профессия, но она постоянно находится на передних рубежах общественных преобразований, обращает внимание на проблемы развития социума». Сергей Аркадьевич также отметил необходимость принятия мер по поддержанию гендерного равенства в медиа-организациях, образовании, контенте СМИ, усилению саморегулирования современных медиа. Связано это с тем, что полноценное участие мужчин и женщин в развитии экономики, бизнеса, культуры способствует движению к миру, процветанию и устойчивому развитию страны.

Руководитель проекта «Усиление учебной программы по гендерной журналистике», профессор Н.Т. Шынгысова обратила внимание участников на то, что в Казахстане создана мощная правовая база для поддержки и развития гендерного равенства. «Наша страна присоединилась к более 60 международным договорам по правам человека, в 2009 году были приняты Законы «О государственных гарантиях равных прав и равных возможностей мужчин и женщин» и «О профилактике бытового насилия».

В современном Казахстане женщины действительно представлены практически во всех областях экономики, ими создается 40% ВВП, 29 казахстанок – депутаты Мажилиса, 44% субъектов МСБ также возглавляют женщины. Однако есть и другие цифры: мужчин-руководителей вдвое больше, чем женщин; разрыв в оплате труда составляет более 30% также в пользу мужчин; женщин хуже берут на работу и меньше платят; уровень женской безработицы выше и т.д. Женщины меньше представлены в менеджменте отечественных редакций, в меньшей степени влияют на концепцию изданий и каналов, которые, соответственно, чаще предоставляют миру мужской взгляд и понимание проблем.

Тренинг стал прекрасной возможностью обсудить весь спектр существующих вопросов. Атмосфера доверительного диалога, открытых обсуждений, деловых игр, воркшопы, интерактивные задания не только вызвали живой интерес, но и научили работать в команде, разрушить стереотипы и предвзятые мнения о профессиональных и личных качествах представителей другого пола. Обстоятельный анализ гендерных индикаторов в языке рекламы, телевидения и радио, стереотипные формы транслирования женских образов в СМИ, содержательные характеристики учебной дисциплины «Гендерное равенство» и многое другое, представленное тренерами (А.Рожков, Е.Дудинова, М.Ергебеков), вызвали большой интерес участников. Все согласились с необходимостью усиливать представленность женщин в СМИ как социальной группы, отходя от привычки освещать исключительно традиционные роли – мать, жена, подруга, объект политики или жертва домашнего насилия.

Безусловно, предмет «Гендерное равенство» трудно внедряется в патриархальной среде. Неверно также трактовать его как исключительно женско-ориентированный, выявляющий проблемы и стереотипы, характерные лишь для женщин. Индикаторы ЮНЕСКО эффективно способствуют созданию на практике справедливого образа женщин и мужчин путем устранения гендерных стереотипов и реализации 5-ой цели устойчивого развития – «Гендерного равенства» и 16-ой цели – «Мира, правосудия и эффективных институтов».

Важно также помнить, что согласно мировым исследованиям, индекс счастья в тех странах, где существует высокий уровень гендерного равенства, – значительно выше. Потому что мужчины и женщины – две половины мира, полноценную картину которого представляют гендерно-сбалансированные СМИ.

**Е. ДУДИНОВА,**
*доцент кафедры ЮНЕСКО, международной журналистки и медиа в обществе*

**«Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында «Адалдық дүкені» ашылды**

# «Жан жылуы»

## Вечер стихов и песен

*Продолжение. Начало на 2 стр.*

Особенная аура и вдохновение чувствовались в песне Владимира Питерцева «Айналаңды нұрландыр», в исполнении хора студентов КазНУ, который открыл занавес творческого вечера «Жан жылуы». Многоголосное исполнение хора было продолжено песнями и стихами известных поэтов и композиторов. Произведения на слова Галыма Мутанова звучали не только в исполнении известных артистов, но и талантливой молодежи. Среди них была победительница конкурса «Таланты первокурсников» Малика Серікхан, исполнившая песню «Бақыт үшін жаралған» в сопровождении шоу-балета «Бахыт».

Многие стихи и песни были посвящены красоте и доброте окружающего мира, философии и мудрости жизни. Следует отметить, что сборник стихотворений Галыма Мутанова вышел в Турции, Украине, России. В Азербайджане были опубликованы его переводы на фарси. Также был выпущен в свет сборник стихов на английском языке «Shining Light» («Сияющий свет») издательством Великобритании «Glagoslav Publications». А крупнейшая в мире американская компания «Amazon.com» разместила его в своем интернет-магазине.

Во время вечера прозвучала песня «Ансау» в исполнении оперной и эстрадной певицы, профессора академии им. Т.Жургенова Толкын Забировой и заслуженного деятеля Казахстана Досыма Сулеева. Директор Дворца студентов им. У.Жолдасбекова Жанат Карман исполнила песню «Мен келемін» в сопровождении симфонического оркестра «Ne prosto Orchestra», под руководством Мадияра Тойболдиева.

В завершение вечера Галым Мутанов выступил со словами благодарности зрителям и поздравил всех студентов с Международным Днем студентов. Ректор также отметил, что поэзия – самая краткая форма передачи мыслей и чувств, и выразил надежду, что через произведения, исполненные на вечере, он смог передать свой творческий посыл.

**Пресс-служба**















**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор: ***Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ***
Тілшілер: ***Айнұр АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА, Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА***
Фототілші: ***Марат ЖҮНІСБЕКОВ***
Корректор: ***Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА***

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
***kazuniver2016gazeta@gmail.com***

Газет редакцияның компьютер орталығында терілip, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

***Бағасы келісім бойынша.***
***Таралымы 1000 дана***
***Тапсырыс: №1537***

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.